

**КЕЛІСІЛДІ**  
«ШҚО кәсіптік білім беру  
орталығы» КММ директоры  
  
А. Ақылбек  
2020 ж.



**БЕКІТЕМІН**  
«ШҚ ауылшаруашылық  
колледжі» КМКК директоры  
  
У. Оспанов  
2020 ж.



**«Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы колледжі» КМКК**  
**75 жылдық мерейтойы аясында ауыл шаруашылығы**  
**бағытындағы арнайы пәндер оқытушылары арасында өткізілетін**  
**облыстық практикалық бейнесабактар байқауының**

**ЕРЕЖЕСІ**

Өскемен, 2020

## **1. Жалпы ереже**

1.1. Практикалық бейнесабактардың облыстық байқауы (бұдан әрі-Байқау) ШКО техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оку орындарының ауыл шаруашылығы бағытындағы арнайы пәндер оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестігінің (бұдан әрі - а/ш бағытындағы ОӘБ) жылдық жоспарына сәйкес және «Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК 75 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылып өткізіледі.

1.2. Бұл Ереже байқауды ұйымдастырудың жалпы тәртібін, мазмұнын, өткізу шарттары мен мерзімдерін айқындаиды.

1.3. Байқауға қатысуға ауыл шаруашылығы бағытындағы арнайы пәндер оқытушылары шақырылады, жеке қатысу үйгарылады.

1.4. Байқауға қатысушылардың саны шектелмеген, әр қатысушы 1 бейнесабак ұсынады.

1.5. Байқауды ұйымдастыруши: «ШКО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, «Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК.

1.6. Байқауды өткізу тілдері: қазақ тілі, орыс тілі.

## **2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

2.1. Мақсаты—заманауи білім беру технологияларын пайдалана отырып, арнайы пәндер бойынша үздік практикалық бейнесабактарды анықтау және марапаттау, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру мүмкіндіктерін кеңейтудегі дағдылар мен әдістемелерді көрсету.

2.2. Байқау міндеттері:

- арнайы пәндер оқытушыларының шығармашылық және кәсіби әлеуетін жандандыру;
- виртуалды білім беру кеңістігінде үздік практикалық бейнесабактар банкін құру;
- арнайы пәндер оқытушыларының оң әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру.

## **3. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

3.1. Байқау қашықтықтан өткізіледі.

3.2. Байқаудың басталуы туралы хабарлама [www.vksk.com.kz](http://www.vksk.com.kz) колледж сайтына шығады.

3.3. Байқауға қатысу үшін ұсынымдар (қосымша 1) **2020 жылдың 20 қарашасына дейін** [vksk.edu@mail.ru](mailto:vksk.edu@mail.ru) электронды поштасында қабылданады.

3.4. Байқау материалдары ағымдағы жылдың **23 - 25 қараша аралығында** [vksk.edu@mail.ru](mailto:vksk.edu@mail.ru) электронды поштасында қабылданады.

3.5. Ағымдағы жылдың **26 қарашасынан 03 желтоқсаны** аралығында қазылар алқасы мүшелері байқау жұмыстарын бағалауды жүзеге асырады.

3.6. Байқау қорытындысы ағымдағы жылдың 04 желтоқсанына дейін [www.vksk.com.kz](http://www.vksk.com.kz) колледж сайтына шығады.

#### 4. Байқау материалдарына қойылатын талаптар

4.1. Байқау материалдары сабактың тақырыбын ашып, төмендегілерді қамтуы керек:

– түсіндірме жазба (1-2 бет). Түсіндірме жазбада оқытушының аты-жөні, мамандығы, біліктілігі, пәні, сабак тақырыбы көрсетіледі;

– 25 минутқа дейін (бейне материалдар кез-келген бейне редакторында орындалуы керек және электронды түрде ұсынылуы керек-Windows Media Video (WMV), MPEG 1-4, AVI форматындағы файл).

4.2. Байқауға қатысуға бұрын жарияланбаған, басқа байқауларға қатыспаған, интернет желісінде орналастырылмаған және үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбайтын бейнематериалдар қабылданады.

4.3. Байқауға қатысатын жұмыстың авторлық құқықтарының сақталуына осы жұмысты байқауға жіберген қатысушы жауптЫ болады.

#### 5. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері

№	Практикалық критерийлері	видеосабактарды бағалау	Балл
1	Сабактағы мұғалімнің жеке қасиеттері - оқытушының пәндік құзыреттілігі		1-5
2	Сөйлеу мәдениеті мен сауаттылығы (дикция, темп, жалпы және спецификалық сөйлеу сауаттылығы), мұғалімнің жалпы мәдениеті		1-5
3	Материалды баяндау (анық, қисынды, бір мезгілде көрсету реті, толық)		1-5
4	Сабактың сапасы (сабактың түрі мен мазмұны)		1-5
5	Өткізілген сабактың нәтижесі. Білім, білік, дағды аспектісінде қойылған мақсаттарға сәйкес келеді		1-5
6	Сабактың материалды жабдықталуы		1-5
7	Бейнесабакты жазу мен монтаждаудың техникалық деңгейі		1-5
8	Өзіндік ерекшелігі		1-5

## **6. Байқау жеңімпаздарын анықтау**

6.1. Бейнесабактар байқауының жеңімпаздарын анықтау үшін қазылар алқасы мүшелерінің қорытынды кеңесі өткізіледі.

6.2. Қорытынды баға қазылар алқасының барлық мүшелерінің бағаларының орташа балын есептеу арқылы қалыптастырылады.

6.3. Ең жоғары балл алған бейнесабактардың авторлары Байқау жеңімпаздары атанады.

6.4. **2020 жылдың 03 желтоқсанында «ZOOM» бағдарламасында қазылар алқасының қорытынды отырысы өтеді.**

## **7. Байқаудың ұйымдастыруышылары мен әділ-қазылар алқасы**

7.1. Байқаудың ұйымдастыруышы «ШКО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, ауыл шаруашылығы бағытындағы арнайы пәндер оқытушыларының облыстық оқу-әдістемелік бірлестігі, колледж әкімшілігі: «Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы колледжі» КМКК арнайы пәндер пәндік-циklдік комиссияларының төрағалары болып табылады.

7.2. Байқаудың қазылар алқасының құрамына «ШКО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, колледж оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестіктерінің өкілдері, әлеуметтік серіктестер кіреді.

## **8. Облыстық практикалық бейнесабактар байқауының марапаттары**

8.1. Конкурс жеңімпаздары ШКО кәсіптік білім беру орталығының 1, 2, 3 дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

**Практикалық бейнесабақ байқауына қатысуға өтініш**

№	Аты жөні	Оқу орны	Пән	Тақырып	Байланыс телефондары (сот. телефон, E-mail)